

РАНОРАМА: ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ, I

Оңтүстік Азия:
қала құрылысындағы жаңа дәуір





Кіріспе

Б.з.д. бірінші мыңжылдықта темір қайнату технологиясы Оңтүстік-Шығыс Азиядан Оңтүстік Азияға қарай тарады, әрі алфавиттік жазу білімділігі де қанатын жая түсті. Бірақ осы екі аймақты жалғап тұрған жолдар желісі Оңтүстік-Батыс Азия мен Жерорта теңізін жалғайтын керуенге қарағанда жіңішке болып қала берді. Бұл өзгерістің басты себебі, Инд өзенінің бойындағы ұлы қалалар өркениетінің б.з.д. 1900 жылдары біртіндеп қирай бастауы. Екінші себебі керуендер, яғни құрлықтағы тасымалдар халық әлі қоныстанбаған, әлі дами қоймаған шөлді және таулы аймақтарға толы қазіргі Ауғанстан мен Иран аумағынан өтетін. Әрине бұл жол керуенге қиындықтар туғызып отырды.

Б.з.д. бірінші мыңжылдықта Оңтүстік Азияда халық саны көбейіп, соның арқасында урбанизация мен сауда айырбасы жылдам дамыды. Шамамен б.з.д. 1700 жылдары бақташылар, кейін үнді-еуропа, соның ішінде хинди, панджаби тілдерінде сөйлейтін жайылымдық жерлердегі шаруалар Инд өзенінің жағалауынан Ганг өзенінің сағасына қарай жайылып орналаса бастады.

Солтүстік Үндістанның байырғы халқы көне тілге жататын дравидия тілінде сөйлеп, қарым-қатынас жасайтын болған. Олар фермер шаруалар, бақташы шаруалар, сонымен қатар, харапп өркениетінің құлдырауынан кейінгі аман қалған шағын қалалардың тұрғындары болды. Жаңадан келген үнді-еуропалықтар жайылымнан жер шаруалығына көше бастады. Соның нәтижесінде ондағы адамдармен жиі кездесіп отырды.

Темір балқыту технологиясын меңгергеннен кейін олар, Ганг өзенінің жағалауында жайқалып тұрған субтропикалық ормандарды тазалай алатын мықты берік құрал-саймандарға ие болды. Темір тетіктері жерді бақылай отырып, жандырып-тазалауға арналған әдіспен үйлесімді еді. Бұл тазалаудың арқасында Солтүстік Үндістан батысынан Ганг өзенінің төменгі бойына дейін бидай, арпа егілсе, ылғалды аймақтағы жерлердің бәріне күріш егу қолға алынды.

Осы аймақтағы халық санының күрт өсуі мен ауылшаруашылығының қарқынды дамуы елеулі үш өзгеріске алып келді: жаңа қалалар мен шағын мемлекеттердің пайда болуы, әлеуметтік таптың күрделі жүйесі мен үнді салтының бөлігі болып табылатын брахманизмнің қалыптасуы.

Оңтүстік және Шығыс Азиядағы мемлекеттер, б.з.д. 800–600 жылдар

Адам ақыл ойы дамыған сайын, қалалар мен мемлекеттің өркениетінің даму қарқыны жылдамдай түседі. Белгілі бір тап түрлі басымдықтарға ие болып, билікке ұмтылса, екінші бір тап керісінше еркі азат емес, тәуелді жандарға айналады. Авторлар жаңа қалалар мен корольдіктер жайында сөз етіп, үнді елінің ежелгі дамуынан хабардар етеді. Б.з.д. екінші және бірінші мыңжылдықта Инд алқабынан Гангқа дейінгі аймақта негізгі өзгерістер жүріп жатты. Шамамен б.з.д. 800 жылдары Ганг жазығында пайда болған шағын қалалар, Жерорта теңізінің орталығы мен батысындағы грек қалаларында финикиялықтардың пайда болуымен тұспа-тұс келді.

Жер салығы мен саудагерлердің баж салығының арқасында байыған ірі қалалар, балшықты кірпіштерден жасалған қабырғалармен қорғалып, Солтүстік Үндістанның шағын монархиялық астанасына айналды. Бұл байлықтың арқасында жаяу әскер мен атты әскерді жасақтай алды.

Байырғы тұрғындар мен үнді тілінде сөйлейтін тұрғындар арасындағы ықпалдастыққа қарамастан, бұл мемлекеттің құрылуына себеп болған ақсүйек отбасылар ерте кездегі дәуірлерде осы өңірге дендеп кірген үнді-еуропалық әскери топтан тарадық деген мақтаныштарын жасырмайтын. «Кшатрии» деген атаумен белгілі бұл үнді сөзі «күш» деген сөзбен байланысты болды. Бұл отбасылар Солтүстік Үндістандағы саяси басымдыққа ие тап болып қала берді. Б.з.д. 800 жылдарда пайда болған он алты немесе соған жақын шамадағы корольдіктер арасында Магадха ең қуаттысы болды. Ол орта Ганг жазығындағы патшалықтардың ең ірісі еді. Санскрит тілінде едәуір кейінгі ғасырларда құрастырылған Үндістанның тарихи эпикалық поэмасы Махабхарате шығармасынан 80 мың қыстақты басқарған Магадха астанасы Ганг жазығының үстіндегі қыратта орналасқанын көреміз.



Оңтүстік Азияда тап жүйесінің дамуы

Оңтүстік Азиялық таптық жүйенің дамуы мәселесін авторлар бірнеше принциптерге сүйене отырып дәлелдеуге тырысады. Әлемнің басқа бөліктеріндегі күрделі қоғам секілді Оңтүстік Азияда да б.з.д. бірінші мыңжылдықта әлеуметтік таптардың иерархиясы пайда болды. Алайда Оңтүстік Азияда таптық ерекшеліктер мен құқықтар едәуір мұқият әрі шартты түрде дами бастады. Ежелгі үнді жазбаларынан сол кездегі әлеуметтік жүйені түсіндірген және мифологиялар туралы біраз нәрселерді дәлелге келтірген авторлар барынша мәселені жан-жақты қарастырады.

Ригведеге сәйкес, жүздеген жылдар бойы ауыздан-ауызға жетіп тараған және б.з.д. 400 жыл шамасында санскрит тілінде жазылған үнді дұғалары мен гимндерінің жинағында алғашқы Ғарыштық Тұлға (Пуруша) ішкі тазалық тәртібімен үнділердің төрт табын туғызды деген ой қалыптасқандығын алға тартады. Брахман деп аталатын діндарлар табы ең таза тап деп саналды. Олардың негізгі қызметі іргелі мәдени құндылықтарды сақтау және қорғаудан көрініс тапты, сондай-ақ олар осы құндылықтарды жастарға жеткізу және көптеген құдайлардың абыройы мен қанағаттануы үшін құрбандық шалу рәсімдерін орындады. Екіншіден, иерархияда Кшатрилер болды немесе Үнді әскери тұрғындарының жетекшілері мен сарбаздарын құрайтын таптар болатын. Кшатрилер таптары Брахмандармен ынтымақтастық орнатты, олардың рәсімдік және доктриналық абыройларына қолдау білдірді, сонымен бірге олармен өздеріндегі ауылшаруашылық байлығының көп бөлігін бөлісіп отырды. Үшінші тап мүшелері Вайшилер болды, олар фермерлер, бақташылар, саудагерлер мен қолөнершілер еді, вайшилер азық-түлік өнімдерін, дақылдар өндірді, қоғамға қажет етілетін өндіріс, коммерциялық мекемелерді ұсынды. Шудра, бұл төртінші тап және тазалық жағынан төмен топқа жатады, олар басқа үш тапқа қызмет етуге жаралған қара жұмысшылар ретіндегі адамдар болатын. Брахмандар бұл иерархияларды мақұлдайтын, мұны олар осы төрт топтың біріне мүше болу құдайдың құдіретінен болған және тағдыры туғаннан солай болуы тиіс деп қарастырған.

Сонымен қатар, қоғамда Панчама деп аталатын қоғамның бесінші бір сегменті пайда болды. Мүмкін, бұлар өзге ғаламшардан келген үнді тілінде сөйлейтін жабайы адамдардан, яғни таза емес деп саналатын бақташы және аңшы халықтардан шыққан деген пікірді ұсынады авторлар. Брахмандар ілімі бұл топты «қол сұғуға болмайтын» деп санады, оның мүшелері қоғамның басқа бөліктерінен аулақ өмір сүрді және ең лас саналатын жұмыстарды істеді, олардың қатарында әжетханаларды тазалау мен мәйіттерді басқа орындарға тасу секілді жұмыстар бар болатын.

Б.з.д. алғашқы мыңжылдықта және кейін үнді қоғамы көптеген әлеуметтік ережелерді қалыптастырды, ондағы тәртіп бойынша әрбір төрт таптың адамы өз дхармасын ұстануы тиіс болды, яғни ғұрыптық міндеттер, жұмыстар, күнделікті мінез-құлық әдебі, өзін ұстауы секілді нәрселердің бәрі өзіне тиісті тап тәртібіне сай болуы қажет еді. Таптар арасындағы шартты қарым-қатынастың бәрі және олардың арасындағы ғұрыптық тазалық пен таза емес таптардың тілдерінде көрініс таба бастады. Олардың қай тапқа жататынына байланысты адамдар салыстырмалы түрде лас немесе таза туылады деп саналды, бірақ олардың өздерін көбірек кірлетуге, тіпті, уақытша кірлетуге мүмкіндіктері болды. Бұл олардың өздерінің табына қатысты міндеттерін орындамаудан немесе өздерінен әжептеуір төмен рангіге жататын адамдармен физикалық контакт (қатынас) болған жағдайда көрініс табатын еді.

Мысалы, бір кездерде Брахмандар өздері теріден жасалған киімдер немесе аяқкиімдер киюге болмайды деп шешті. Себебі былғарымен жұмыс жасайтын мамандықтар қан және өлген жануарлармен қатынаста болады деп санады. Тазалықты сақтауға күш салу мен кірлеуді болдырмаудың соңы кім қандай мамандық алуы керек? Кім қандай адамға үйленуі керек? Кімге кіммен бірге тамақтануға болады немесе кіммен қарым-қатынас орнатуы тиіс деген мәселелерге әкеп тіреді. Уақыт өте келе төрт негізгі тап бөлімшелері көптеген кішілеу топтарға бөлініп кетті немесе оларды кәсіби жұмыстарына байланысты қалыптасқан джати деп аталатын топтар құрады. Сосын әрбір джати басқа топтарға қатысты өз салт-дәстүрлерінің негізінде әрекет етті.

Үнді әлеуметтік құрылымы айтарлықтай қатал бола түсті. Алайда ол басқа әлеуметтік иерархиядағы тапсырыс негізіндегі күрделі қоғамдармен салыстырғанда едәуір жұмсақтау



болған деп айта аламыз. Оңтүстік-Батыс Азиядағы немесе Мысырдағы жоғары рангіге жататын адамдар өздерінің билігін басқа тұрғындарға қатысты барынша сақтауға тырысты. Таптың бекітілген негізі әлеуметтік тәртіпті қалыптастырды және қоғамда өзгеріс болған жағдайда дүрбелеңнің алдын алды, бұл өз кезегінде адамдардың өздеріне қатысты әлеуметтік үмітінің қандай екенін білуіне кепіл болады. Барлық әлеуметтік таптар құдай алдында өздері атқаратын қызметтері арқылы маңызды және қоғамның барлық мүшелері өз топтарында қолдау мен ынтымақтастыққа ие болды. Тұрғындардың саны артып, қалаға қарай көшу мен сауда дамыған кезеңде Үндістандағы әлеуметтік жүйе бойынша барлық еркектер мен әйелдер өздерінің қоғамдағы тиісті орындарын білетін еді. Сонымен қатар олар бір-бірімен қалай қатынас жасаулары керек, оны да білді, қазіргі демократиялы көзқараспен қарағанда бұл рационалды, адамның жеке басын төмендететін, кертартпа қоғам деп саналары анық.

Үнді елі аталса, еске Брахмандар және брахманизм түсері анық. Себебі әлеуметтік таптың идеологиясымен тығыз байланысты болғандықтан, брахманизм б.з.д. мың жылдықтан кейін солтүстік Үндістандағы негізгі діни ілім мен практикалық әрекет болды. Брахмандар табының қалыптастыруымен туындаған бұл пайымдау жүйесі үнділер мен бұрыннан тұрып келе жатқан жергілікті халықтың ежелгі танымдарының күрделі қосындысы ретінде дами бастады. Олардың кейбірі Инд алқабындағы ерте дәуірде пайда болған Хараппа өркениетімен байланысты болса керек. Брахмандар өздеріне діни ғұрыптардың бәрін басқару билігіне ие болды. Оған барлық әлеуметтік топтардағы орындалатын діни рәсімдер мен салттар, міндеттерді бақылауға алу және тиымдарды да қадағалау процестері кірді. Мыңдаған еркек және әйел құдайлар арасынан оңтүстік азияттықтар бас иетін кейбір жаратушы көп келбетті қасиетке ие деп саналып, діни қабылдау негізінде танымалдылыққа ие болды. Аттары өте көп әрі пайда болу жағдайы да соншалықты мол бола тұра, әлемді сақтаушы Вишну мен ғаламды жаратушы және қиратушы Шива басымдықта болды деп айта аламыз. Брахмандық діни дәстүр Оңтүстік Азияның бір бөлігінен екінші бөлігіне дейін әртүрлі форманы қабылдап отырды және көптеген жергілікті діни идеяларды оңай өзіне сіңірді. Оның орталықтандырылған діни ұйымы да, нақты анықталған діни ілімі де сол кезде болмаған еді.

Ертеректе брахмандық құдайға құлшылық Упанишадтардан тікелей белгілі болатын, бұл санскрит тілінде құрастырылған киелі мәтіндер жинағы саналған. Бұл мәтіндер б.з.д. 800 және 500 жылдар аралығында пайда болып, Брахман идеясын мазмұндады, онда шексіз, тұңғыш ғаламның негізі жайлы айтылған.

Брахман – бұл барлық тіршіліктің жаратушы процесі және бұл «біртұтастық» әрбір адамның жанын өзіне қосып қарастырады. Брахман – құдай, алайда соған қарамастан шексіз мөлшерде жекелей көріне алуы да мүмкін, ол Вишну болып та, Шива болып та немесе кез келген басқа құдай бейнесінде де көрініс таба алады.

Оңтүстік азияттар үшін ғұрыптар мен міндеттерді орындау құдайдың шынайы келбетімен тұтастыққа жету жолындағы жоғары ұмтылыстың бір аспектісі болды. Алайда рухани орындаушылық әлемнің әдеп заңына бағынуды талап етті, яғни тап ретіндегі міндеттер дхарма деп аталатын, соны да орындауға мәжбүрледі. Өмірдегі сәттілік пен сәтсіздік дхарма үйлесімділігіне қарай анықталып отырды. Мысалы, адам жоғарғы немесе төменгі рангіге жататын тіршілік иесі ретінде не болмаса жануар ретінде қанша рет ажалға тура тап келуі мүмкін немесе қайта тууы мүмкін деген ойлардың бәрі дхарма үйлесімділігімен анықталатын. Алға басушылық кармамен, атап айтқанда адамның осы өмірдегі жасаған дұрыс істері арқылы анықталды, ол адамның келесі өмірінде бақытқа жетудің жолы деп түсіндірілді. Реинкарнация (сансара) брахмандық салттың іргелі дәстүрі деп саналды. Адамның моральдық келбеті де осы өмірдегі барлық ауыртпашылықтар мен көңіл қалушылықтардан аулақ болу үшін Брахман ілімінен рухани құтқару мен қолдауға жетуді насихаттады.

Қорытындылай келе, Брахманизм, өзінің пайым әртүрлілігі мен берілгендігіне қарамастан, таным жүйесіндегі ең көне көзқарас болып саналатындығына. Бұл «әлемдік діндер» сипаттамасында жетекші ілім ретінде қалатындығына көз жеткізуге болады. Израилдықтардың сенімімен салыстырғанда, яғни ерте кездегі иудаизм, сондай-ақ ежелгі дәуірдегі көптеген жергілікті діндер арасында брахмандық идея адамдарды өздеріне көптеп тарта бастады. Тілдік және таптық топтар арасында әлеуметтік қарым-қатынас негізі ретінде моральдық үміттер мен рухани сенімдерді қалыптастырды. Бұдан шығатын қорытынды, брахманизм –



Кітап: Рапогата: Дүниежүзі тарихы, I

Дәріс: 11. Оңтүстік Азия: қала құрылысындағы жаңа дәуір

нақты бір айқындалған этникалық бірлікті талап ететін топтармен ғана шектеліп қалмаған дін. Алайда біз брахмандық дәстүрді индуизммен теңестіруден аулақпыз. Дейтұрғанмен, мысалы Үндістан (Индия) деген сөздің қалыптасуына Инд сөзінің қатысы бары. Көптеген тарихшылар брахманизммен тарихи байланысты дамыған үнді діни тәжірибесінің қазіргі заманға дейін әртүрлі мазмұнда сақталып қалғаны анық деп мәлімдейді. Әлем тарихында талай өзгерістер мен өркениеттің ең үздік үлгілерін ұсынған. Алайда іштей тап тартысы арқасында бір күйреп, бір көтеріліп, даму деңгейі жағынан үздіктер қатарынан көрінетін үнді елінің көне шежіресін әзір осылай аяқтаймыз.

Бүгінгі дәрісіміз Оңтүстік Азияға арналып, б.д.д. екінші мыңжылдықтар соңындағы Ганг өзенінің алқабы және оның даму өрісі, тұрғындардың қалаға қоныстануының арқасында пайда болған жаңа темір металлургиясының жедел қарқын алуы туралы авторлар келтірген пайымдауларды талдауға алдық. Біздің д.д. 1200–600 жж. кезеңінде әлеуметтік және мәдени оқиғалар көбейіп, үнділердің біршама кейінгі кезеңдегі пайда болған өркениетіне ықпал еткеніне көз жеткізіп, қоғам алға жылжи бастағанына куә болдық.

Олардың біріне – әлеуметтік топтардың ұйымдастырылып, кейінірек касталық жүйе ретінде танымал болған жаңа таптық жүйенің пайда болуын айтуға болады. Басқа оқиғаға брахманизм, үндістердің соңғы мыңжылдығындағы үнділік дәстүрдің негізінде қаланған күрделі діни пайымдаулар мен жағдайларды жатқызуға болады.

Каста – кәсібі, байлығы немесе ғұрыптық күнә немесе бейкүнәсіздік айырмашылықтары бойынша басқа таптардан азырақ немесе қатаң бөлектенген әлеуметтік тап.

Жалпы, тарауды қорытындылай келе, Афроеуразияның төрінде б.з.д. 1200–600 жж. билік, сауда және жаңа идеялардың орталықтарындағы өзгерістер тез қарқынмен жүргенін көруімізге болады.

Шығыс Азиядағы жағдай біздің д.д. екінші мыңжылдықта құрылған Шан мемлекеті, яғни шектеусіз көлемдегі әрі тым көнбіс монархия ретінде Чжоу (ЖОН) династиясына кіргенін айтқан болатынбыз. Чжоу корольдері бірнеше ірі мемлекет құра алды, олар 250 жыл басқарып, Сары және Янцзы өзендерінің жағасында өмір сүретін тұрғындардың саны артуына себеп болды. Бұл кезең ауылшаруашылық инновациясымен байланысты болып, жаңа темір құралдарын өндірді. Қытайдағы демографиялық және экономикалық өсу процесі біздің д.д. 850 жылдардан кейін де жалғасып, Чжоудың корольдік әулеті аймақтық мемлекеттерді ғана билейтін ресми өкілеттілігінен басқасының барлығын жоғалтқанына қарамай, осы мемлекеттер арасындағы соғыс 450 жылға дейін созылған еді.

Аймақтық супер континенттерде халықтың өсу қарқыны жылдам қанат жайғанына куә болдық. Бұл ауылшаруашылық қоғамының жаңа белестерге көтеріліп, Оңтүстік-Батыс Азия оңтүстік Үндістан мен Африка тропикалық аймағының кеңеюімен тікелей байланысты қалыптасты. Себептерге байланысты көріп отырғанымыздай, Афроеуразиялық аймақтың жалпы кейбір қалаларында бұл біздің заманымызға дейінгі екінші мыңжылдықтарда қысқартылғанмен, бірақ Қытай мен Үндістанның солтүстігінде және орта теңіз аймағында қайтадан біртіндеп өсе бастағанын байқауға болады. Саяси ландшафта бірнеше басқарушы топтар адам санының көптігіне байланысты алынатын табыстарды жинау мен өзінің жаңа аймақтарын кеңейтуге бағытталған жаңа әскери және ұйымдастыру тәсілдерін меңгеруге көшті. Сол себептен табыс көзі мен адамдар да көбейе бастады. Шағын мемлекеттер мен өзін-өзі басқару қалалары құрылып, саудагерлер жаңа теңіз портын құрып, сауда жүйелерінің қызметін кеңейткеніне көз жеткіздік. Афроеуразиялықтар үшін тұтастай алып қарағанда бағыттардың біртіндеп бірыңғай жүйесі қалыптасты деуге болады.

Осы оқиғалардың көпшілігі, яғни бұлардың негізгі шараларының бірі металл өндірісімен байланысты болып, шамамен біздің дәуірімізге дейінгі 1200 ж. басталып, маңызды технологияға айналды. Сондай-ақ Жерорта теңізі мен оның айналасындағы аймақтар, Оңтүстік-Батыс Азияның да даму ерекшелігін назарда ұстауымыз керек. Афроеуразияның басқа бөлігіне қарағанда бұл аймақ адамзат үшін ерекше дамып, көптеген өзара жағдайлармен байланыста болды. Бұл мәселеде біз Жерорта теңізінде б.з.д. он екінші ғасырда болған дағдарысты ұмытпауымыз керек. Оны көптеген тарихшылар Теңіз адамдары деп атағанын білеміз, олар Мысыр, Сирия және Эгей бассейніне дейінгі аймақтарды тас-талқан етіп, сонымен қатар олардың арасындағы бірнеше мемлекеттер дәуірінің аяқталуына әсер еткеніне куә болдық.



Осы дүрбелең туғызған дәуірден соң Нео-Ассириялық империя құрылып, алғашқы мемлекет ретінде саяси жағдайды біріктіре алғанына, яғни аз уақыт арасында Тигр-Ефраттан Нілге дейінгі аймақтың бәрінің тұтас болуына ықпал еткеніне көз жеткіздік. Сонымен бірге Теңіз адамдарының көтерілісінен кейін оңтүстік Левант тұрғындары (Жерорта теңізінің шығыс жағындағы жерлерге қоныстанғандар) сол кездегі процеске сәйкес бір құдайға табыну туралы идеяны алға тастап, өздерінің моральдық құқықтарын реттеп, қорғағысы келгенін де назардан тыс қалдырмауларыңыз керек. Олар толып кеткен құдайлар иерархиясы мен әйел құдайларға табынғысы келмегенін есте ұстау керек.

Афроеуразиядағы сауданың өсуі мен қаладағы құрылыс және теңіз бассейні, Еуропадағы ауылшаруашылық қоғамының дамуы және мықты қуатты мемлекеттердің күш алуы, әрине дүние жүзі тарихының панорамасында өзіндік маңызы зор кезең болды.

Сұрақтар

1. Оңтүстік-Шығыс Азиядағы б.з.д. 1200 және 600 жылдар шамасындағы ірі тарихи оқиғалар Оңтүстік-Батыс Азиямен салыстырғанда ұқсастықтары мен айырмашылықтары қандай?
2. Жаңа қалалар мен корольдіктердің пайда болуына қандай факторлар әсер етті?
3. Таптық жүйенің пайда болуы және одан әрі күшеюі неге байланысты?
4. Брахманизмнің басқа аймақтардағы діни ілімдерден айырмашылығы қандай?